

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№5 ХАТТАМАСЫ**

Кентау қаласы

28.02.2023 ж.

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1. Агабекова А.Б.

- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

- |  |  |
|--|--|
| 2. Умаров Амантур Амангельдиевич         | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 3. Калимбетова Жансая Сейдахановна       | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 4. Мұхамеджанов Нурідін Бахтиярұлы       | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 5. Бабахан Шохрух Абдилқасымұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич | - «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы                  |
| 7. Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы            | - МЭЭ-211 тобының 1курс магистранты              |

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
5. Әр түрлі мәселелер
  - 5.1. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының 2023-2026 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы А.Б.Агабекова:* Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер:Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу, Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, 7M07158 – Автоматтандыру және басқару дайындық бағыты БББ 2023-2026 арналған даму жоспарын бекіту, Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау талдау болып табылады. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

*АК мүшесі Умаров А.А. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:* Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткіздік, оның ішінде 7M07158 – Автоматтандыру және басқару дайындық бағыты БББ қарастырдық. Аудиттің нәтижесі бойынша кемшіліктер түзіліп, сол бойынша жұмыстар атқарылатын болатындығы туралы айтып, таныстырды

*АК төрайымы А.Б.Агабекова екінші мәселе бойынша сөз алып:* Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын айтты:

7M07158 - Автоматтандыру және басқару дайындық бағыты ББ-на Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау

12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуіші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Автоматтандыру және басқару локальды жүйелері/ Автоматтандыру жүйелерінің типтік құрылымдары мен құралдары- 5-тен 6 кредитке

2. Автоматтандыру жүйелерін жобалаудың жаңа ақпараттық технологиялары/ Басқаруды автоматтандыру жүйелеріне сандық техниканы енгізу- 5-тен 7 кредитке

3. Интеллектуалды басқару жүйелері/ Бейсызықты жүйелерді идентификациялау әдістері - 5-тен 6 кредитке;

Ал 7M07130-Электр энергетикасы ББ үшін:

1. Энергия өндірудің жаңа тәсілдері / Matlab ортасында электр энергетикалық жүйелердің элементтерін моделдеу- 5-тен 6 кредитке

2. Электр тізбектерін модельдеу/ Қазақстандағы энергия нарығын ұйымдастыру мәселелері - 5-тен 7 кредитке

3. Энергетикалық процестерді компьютерлік модельдеу/ Заманауи электр стансалар және электр жүйелері - 5-тен 6 кредитке

Өзгерту керектігін ортаға салды. Барлық АК мүшелері бірауыздан қолдады.

*АК мүшесі, Бабахан Ш. үшінші мәселе бойынша:* Құрметті АК мүшелері алдағы келе жатқан Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру туралы айтып, университетте бекітілген Жоспар мен сұхбаттасу уақытарымен АК мүшелерін таныстырып өтіп, барлығымызды белсенді түрде қатысуға шақырды.

*АК төрайымы А.Б.Агабекова төртінші мәселе бойынша сөз алды:* 7M07158 – Автоматтандыру және басқару дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының 2023-2026 арналған даму жоспарын таныстырып, бекітуге ұсынды. Барлығы бір ауыздан келісті.

*АК мүшесі, Мұхаммеджанов Н.соңғы бесінші мәселе бойынша,* ақпан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар одан әрі жүргізіледі, ауқымды істерді бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын.

**Шешім:** 1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитінің шешімі бекітілсін.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу бойынша Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуіші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі 7M07158 - Автоматтандыру және басқару дайындық бағыты және 7M07130-Электр энергетикасы ББ пәндердің кредиттері өзгертіліп, бекітілсін

3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырылсын.

4. «7M07158 – Автоматтандыру және басқару» дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының 2023-2026 жылдарға арналған даму жоспары бекітілсін.

5. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижелерінің талдау есебі қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша**

**Академиялық комитет төрайымы:**



**А.Б.Агабекова**